

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткізілген күні	7 сәуір 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	063
Жинақтағы беттері	297-300
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 336.6
Секция	Секция IV. I Жұмысшы кәсіптері-экономикалық өсу мен дамудың драйверлері // Рабочие профессии - драйверы экономического роста и развития
Автор(лар)	Тоқанова Динара Қайратқызы
Мәртебесі	Студент
Ғылыми жетекші	Ғылыми жетекшісі, э.ғ.к., профессор – Пралиева С. Ж.
Мақала атауы	ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ ҚАРЖЫЛАРЫН БАСҚАРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ ҚАРЖЫЛАРЫН БАСҚАРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Тоқанова Динара Қайратқызы

21221452@turan-edu.kz

«Қаржы» білім бағдарламасының 4 курс студенті
«Тұран» Университеті, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, э.ғ.к., профессор – Пралиева С. Ж.

Шағын және орта бизнес (ШОБ) кез келген елдің экономикалық дамуының негізі болып табылады. Ол жұмыс орындарын құру, инновацияларды енгізу және жалпы ішкі өнімнің өсуіне елеулі үлес қосады.

Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерлік (ШОБ) «Жеке кәсіпкерлік туралы» заңға сәйкес анықталады. Шағын кәсіпорындарға қызметкерлер саны 100 адамға дейін және жылдық орташа табысы 300 млн теңгеге дейінгі компаниялар жатады. Орта кәсіпорындар – бұл қызметкерлер саны 101-ден 250 адамға дейін және жылдық табысы 3 млрд теңгеге дейінгі компаниялар. Қосымша, қызметкерлер саны 15 адамға дейін және табысы 30 млн теңгеге дейінгі компаниялар кіретін микрокәсіпорындар да бар [1].

1991 жылы тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстан жеке секторды дамыту және ШОБ-ты қолдау бойынша ауқымды шаралар қабылдауда. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ел экономикасы өтпелі кезеңдегі қиындықтарға тап болды, алайда уақыт өте келе кәсіпкерлікті қолдауға және іскерлік ахуалды жақсартуға бағытталған реформалар енгізілді.

1997 жылы шағын бизнесті қолдау және дамыту жөніндегі алғашқы мемлекеттік бағдарлама қабылданды. 2001 жылы ШОБ-қа қаржылық және консультациялық қолдау көрсететін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры құрылды. 2010 жылы ШОБ-ты субсидиялар мен гранттар беру арқылы қолдауға бағытталған «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы іске қосылды. 2015 жылы ШОБ үшін салық салуды жеңілдететін Бірыңғай салық кодексі енгізіліп, бұл бизнес-климаттың жақсаруына ықпал етті. 2020 жылы халық тұтынатын тауарлар өндірісін дамытуға бағытталған «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы қабылданды [2].

Кәсіпкерлік секторы – экономикалық жүйенің негізі болып табылады және жалпы әлеуметтік-экономикалық дамуға ықпал етеді. ШОБ дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі оның елдің жалпы ішкі өніміндегі үлесі болып табылады. Көптеген дамыған мемлекеттерде шағын және орта бизнес (ШОБ) ЖІӨ-нің 50-60%-ын құрайды, ал Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі ұлттық статистика агенттігі бюросының мәліметі бойынша (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы) соңғы жылдары елімізде жоғарыда аталған көрсеткіш небәрі 33-35% шамасында. Дегенмен, дәл осы сектор көптеген жұмыс орындарын ашып, әлеуметтік мәселелерді шешіп, салық түрінде табыс әкеліп отыр.

Еліміздің экономикасының жедел дамуы үшін экономиканы әртараптандыруға мүмкіндік беретін инвестициялар қажет, ал ШОБ-тың дамуы жоғары өсім қарқынын қалпына келтіруге ықпал ете алады. Шикізатқа негізделген экономикалық модельдің ресурстары таусылған жағдайда, шағын және орта бизнестің икемділігі мен өзгерістерге жылдам бейімделу қабілеті ерекше маңызға ие.

Қазақстанда ШОБ-тың ЖІӨ-дегі үлесін арттыру мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Алайда, ШОБ қаржыларын басқаруда бірқатар қиындықтар кездеседі. Бұл бизнестің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, инвестиция тарту, бюджетті дұрыс жоспарлау, тәуекелдерді басқару сияқты маңызды аспектілерді жетілдіру қажеттілігін көрсетеді. Бұл мақалада Қазақстан мен дамыған елдердің тәжірибесін салыстыра отырып, ШОБ қаржылық басқару ерекшеліктері мен оларды жетілдіру жолдарын

қарастыратын боламын.

Шағын және орта бизнестегі (ШОБ) қаржылық басқару – бұл қаржылық қатынастар мен ресурстарға әртүрлі әдістер мен құралдарды қолдану арқылы мақсатты түрде ықпал ететін процесс. Оның негізгі мақсаты – ШОБ кәсіпорындарының функциялары мен стратегиялық міндеттерін іске асыруды қамтамасыз ету. Нарықтық жағдайда ШОБ қаржысын басқару – басқарушылық қызметтің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Қысқа мерзімді перспективада басты мақсат – пайданы барынша арттыру, ал ұзақ мерзімді мақсат – компания құнын ұлғайту және бизнесті дамыту. Басым міндеттер қатарына қаржылық тұрақтылықты сақтау, бәсекелестік позицияларды күшейту және басқа да маңызды аспектілер кіреді.

Шағын және орта бизнестің дамуының негізгі мәселелері қаржыландыруға қолжетімділіктің шектеулігімен, салық жүктемесінің жоғары болуымен және институционалдық ортаның жеткіліксіз дамуымен байланысты. Қарыз қаражатын тарту олардың қымбаттығына, ұсыныстың шектеулі көлеміне және қолжетімді қаржы құралдарының қысқа мерзімділігіне байланысты қиындық тудырады.

Шағын кәсіпорындарды қаржыландырудың негізгі көзі – кәсіпкерлердің өз қаражаты мен пайдасы, алайда стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыру үшін бұл көбінесе жеткіліксіз болады. Қаржы ресурстарының жетіспеушілігі, әсіресе, бизнесті құру кезеңінде және оның әрі қарай даму барысында айқын байқалады. Сыртқы қаржыландыру көздерін бюджеттік (субсидиялар, мемлекеттік кепілдіктер, бюджеттік инвестициялар) және бюджеттік емес (банктік және коммерциялық несиелер, лизинг, микроқаржылық қарыздар, сондай-ақ бизнес-ангелдердің инвестициялары, акциялар мен облигациялар шығару) деп бөлуге болады.

Қазақстандағы ШОБ-ты қолдауға бағытталған мемлекеттік саясаттарға шолу әртүрлі шараларды қамтиды, олардың мақсаты – шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға ықпал ету. Мемлекет ШОБ үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған бағдарламалар мен бастамаларды белсенді түрде енгізуде.

Негізгі бағдарламалардың бірі – «Бірыңғай кешенді бағдарлама», ол ШОК-қа субсидиялар мен гранттар ұсынумен қатар, қаржыландыру мен білім беру ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Тағы бір маңызды бастама – кәсіпкерлікті дамыту қоры «Даму», ол кәсіпкерлерге қаржылық және консультациялық қолдау көрсетеді.

ШОК дамуын ынталандыруға бағытталған негізгі бағдарламалар мен шаралар салықтық жеңілдіктерді, бизнесті тіркеу мен лицензиялау рәсімдерін жеңілдетуді, сондай-ақ бизнес жүргізуге қолайлы жағдайлар жасалған арнайы экономикалық аймақтарды құруды қамтиды. Сонымен қатар, Бірыңғай салық кодексінің енгізілуі ШОК үшін салық салу жүйесін жеңілдетіп, олардың қызметін оңтайландырып, әкімшілік кедергілерді азайтуға мүмкіндік береді.

Бұл саясаттардың тиімділігін бағалау мемлекеттік қолдау шараларының Қазақстандағы ШОБ дамуына оң әсер ететінін көрсетеді. Мысалы, субсидиялау бағдарламалары мен гранттық көмек шағын және орта кәсіпорындар санының артуына, сондай-ақ олардың қаржылық жағдайының жақсаруына ықпал етеді. Мемлекеттік қолдаудың арқасында өз қызметін кеңейтіп, халықаралық нарыққа шыққан компанияларды мысал ретінде келтірсек болады. Дегенмен, жетілдіруді қажет ететін бағыттар да бар.

Қазақстанда ШОБ субъектілері қаржылық ресурстардың шектеулілігімен жиі кездеседі. 2024 жылғы 1 қазандағы мәлімет бойынша, елімізде тіркелген ШОБ субъектілерінің саны 2 257,6 мың бірлікті құрады, оның ішінде жұмыс істеп тұрғандары – 2 051,5 мың бірлік. ШОБ-та жұмыспен қамтылғандар саны 4 373,0 мың адамды құрады. Алайда, ШОБ субъектілерінің өнім шығарылымы 57 188,2 млрд теңгені құрады, бұл олардың қаржылық мүмкіндіктерінің шектеулі екенін көрсетеді [3].

Дамыған елдерде ШОБ-тың ЖІӨ-дегі үлесі айтарлықтай жоғары. Мысалы, АҚШ-та бұл көрсеткіш 64,2%, Жапонияда – 66,2%, Еуроодақта – 62,4% құрайды. Бұл елдерде ШОБ қаржылық ресурстарға қолжетімділігі жоғары, бұл олардың тұрақты дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар, аталған елдерде венчурлік қаржыландыру және шағын кәсіпкерлікті несиелеу құралдары кең таралған, бұл стартаптар мен инновациялық кәсіпорындардың дамуын

ынталандырады. Жеке сектордың қаржыландыруы және арнайы мемлекеттік гранттар арқылы ШОБ қаржылық тәуелсіздікке қол жеткізеді.

Қазақстанда ШОБ құрылымында көтерме және бөлшек сауданың үлесі жоғары – шамамен 37%. Ауыл шаруашылығы саласы 20% үлесті алады. Бұл салалардың қаржы ағындарын басқарудағы күрделілігі, әсіресе, маусымдық факторларға байланысты, қаржылық тұрақтылыққа әсер етеді. Көптеген кәсіпорындар қасалық алшақтық мәселесін шешу үшін қысқа мерзімді қарыздар алуға мәжбүр.

Дамыған елдерде ШОБ құрылымы әртараптандырылған, бұл қаржы ағындарын тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Мысалы, Германияда ШОБ өнеркәсіп, қызмет көрсету, технологиялық инновациялар сияқты салаларда кеңінен таралған, бұл олардың қаржылық тұрақтылығын арттырады. Сонымен қатар, Еуропада кәсіпорындардың қаржылық ағымдарын автоматтандыруға арналған FinTech шешімдері кеңінен қолданылады. Мәселен, Ұлыбританияда кәсіпкерлер цифрлық платформаларды пайдалана отырып, өздерінің қаржылық қызметтерін оңтайландырады, бұл қаржылық есептерді дәл жүргізуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда ШОБ субъектілері қаржылық тәуекелдерге бейім. Мысалы, 2022 жылдың 1 наурызындағы жағдай бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері 7,1%-ға көбейгенімен, олардың несиелену мүмкіндіктері шектеулі. ШОБ-тың несиелену портфелі 3,6 трлн теңгені құрады, бұл олардың қаржылық тәуекелдерінің жоғары екенін көрсетеді. Сонымен қатар, салықтық ауыртпалық және инфляция ШОБ қаржылық жағдайына әсер етеді[3].

Дамыған елдерде ШОБ қаржылық тәуекелдерді басқаруда тиімді құралдарды пайдаланады. Мысалы, АҚШ-та ШОБ үшін арнайы сақтандыру бағдарламалары мен қаржылық қолдау механизмдері бар, бұл олардың тәуекелдерін төмендетуге көмектеседі. Жапонияда кәсіпорындар қаржылық жоспарлау стратегияларын белсенді түрде қолданады, бұл банкроттықтың алдын алу үшін маңызды фактор болып табылады.

Бұл саясаттардың тиімділігін бағалау мемлекеттік қолдау шараларының Қазақстандағы ШОБ дамуына оң әсер ететінін көрсетеді. Мысалы, субсидиялау бағдарламалары мен гранттық көмек шағын және орта кәсіпорындар санының артуына, сондай-ақ олардың қаржылық жағдайының жақсаруына ықпал етеді. Мемлекеттік қолдаудың арқасында өз қызметін кеңейтіп, халықаралық нарыққа шыққан компаниялар табысты мысалдардың қатарына жатады. Дегенмен, жетілдіруді қажет ететін бағыттар да бар. Қазақстанда ШОБ субъектілері үшін қаржылық жоспарлау мен бюджеттеуді күшейту маңызды. Бұл үшін қаржылық есептілікті жүргізу, шығындар мен кірістерді болжау, қаржылық тәуекелдерді бағалау сияқты құралдарды енгізу қажет. Мысалы үшін, Германияда кәсіпорындар ERP-жүйелерін (SAP, Oracle) белсенді пайдаланады, бұл олардың қаржылық операцияларын нақты бақылауға мүмкіндік береді.

Қазақстанда ШОБ үшін мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру қажет. Қазіргі уақытта осы мақсатта Қазақстанда «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда. Бұл бағдарлама аясында кәсіпкерлерге қаржылық қолдау көрсету, оның ішінде несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, несиелерге ішінара кепілдік беру және гранттық қаржыландыру шаралары қарастырылған.

Алайда, осы қолдау шараларына қарамастан, ШОБ субъектілері бірқатар қиындықтарға тап болуда:

1. Несиелендіру шарттарының қиындығы: «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау жүзеге асырылады. Алайда, номиналды сыйақы мөлшерлемесі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген базалық сыйақы мөлшерлемесінен аспайтын және 5 пайыздық тармаққа ұлғайтылған жағдайда ғана субсидиялау мүмкін. Бұл шарттар кейбір шағын кәсіпорындар үшін қолжетімсіз болуы мүмкін.
2. Кепілдік қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі: Көптеген шағын кәсіпкерлер үшін несиелену барысында кепілдік қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып табылады. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы несиелерге ішінара кепілдік беру механизмі

қарастырылғанымен, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін кепілдік мөлшері несиесомасының 85%-ынан аспайды, ал кәсіпкер кемінде 15% мөлшерінде қамтамасыз етуді ұсынуы тиіс. Бұл талаптар кейбір кәсіпкерлер үшін қиындық туғызады.

3. Қаржыландыру көлемінің жеткіліксіздігі: Пандемия және геосаяси шиеленістер салдарынан «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасына сұраныс артты. 2021 жылы бағдарлама аясында 1,3 трлн теңге сомасына 32 мыңға жуық жобаға қол қойылған. Алайда, қаржыландыру көлемінің шектеулілігіне байланысты кейбір кәсіпкерлердің өтінімдері қаралмай қалуы мүмкін.

Қазақстандағы шағын және орта бизнес (ШОБ) субъектілерінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік қолдау шаралары жетілдіріліп, цифрлық технологиялар кеңінен енгізілуі тиіс. Қазіргі таңда кәсіпкерлер бухгалтерлік есеп жүргізуде, салықтық міндеттемелерді орындауда және мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпарат алуда белгілі бір қиындықтарға тап болуда. Осыған байланысты Кәсіпкерлікті ақпараттық қамтамасыз етудің ұлттық жүйесін құру – ШОБ субъектілерінің қаржылық операцияларын тиімді басқарудың маңызды шешімдерінің бірі.

Бұл жүйе Kaspi Business, 1С: Бухгалтерия сияқты цифрлық платформалармен интеграцияланып, кәсіпкерлерге қаржылық есептілікті автоматтандыруға, мемлекеттік қолдау шаралары туралы нақты ақпарат алуға және бизнес жоспарлау үдерісін жеңілдетуге көмектеседі. Мұндай қадам мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін арттырып, бизнестің дамуын жүйелі бақылауға мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, көптеген дамыған елдерде ШОБ-қа арналған ақпараттық платформалар енгізілген. Мысалы, Сингапурда "Business Grants Portal" арқылы кәсіпкерлер мемлекеттік қаржыландыру және субсидиялар бойынша толық ақпарат ала алады. Эстонияның "e-Estonia" жүйесі салық есептілігін цифрландырып, ШОБ субъектілерінің шығындарын 30%-ға дейін қысқартуға мүмкіндік берген. Оңтүстік Кореяның KODIT жүйесі шағын бизнес үшін қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етіп, тиімді несиелік кепілдіктер ұсынууда.

Қазақстанда да осындай жүйені енгізу арқылы:

- ШОБ субъектілері үшін қаржылық есептілік жүргізуді 50%-ға жеңілдету;
- Бизнесті қаржыландырудағы ақпараттық кедергілерді жою;
- Мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін 30%-ға арттыру;
- Көлеңкелі экономиканы қысқартып, салықтық түсімдерді көбейту күтіледі.

Қорытындылай келе, Қазақстанда шағын және орта бизнестің (ШОБ) қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін кешенді шаралар қажет. Мемлекеттік қолдау бағдарламаларын жетілдіру, кәсіпкерлікті ақпараттық қамтамасыз етудің ұлттық жүйесін құру – ШОБ субъектілерінің қаржылық басқаруын оңтайландырудың негізгі бағыттары болып табылады.

ШОБ-тың ерекшеліктеріне келетін болсақ, олар көбінесе шектеулі қаржылық ресурстармен жұмыс істейді, несиелік қолжетімділігі төмен, бәсекеге қабілеттілікке жету үшін икемділік пен инновацияларды қажет етеді. Сонымен қатар, Қазақстандағы көптеген ШОБ субъектілері бухгалтерлік есеп жүргізу, қаржылық жоспарлау және салықтық есептілік бойынша қиындықтарға тап болады. Дамыған елдерде арнайы жеңілдіктер, төмен пайыздық мөлшерлемелер және қаржылық басқарудың цифрлық құралдары шағын кәсіпорындардың тұрақты дамуына ықпал етеді.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, автоматтандырылған қаржылық есеп жүйелері мен цифрлық платформалар кәсіпкерлер үшін есептілікті жеңілдетіп, бизнес-процестердің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Қазақстанда Kaspi Business, 1С: Бухгалтерия сияқты жүйелердің кеңінен қолданылуы, сондай-ақ жаңа ұлттық ақпараттық платформаның құрылуы кәсіпкерлерге қаржылық операцияларды тиімді басқаруға, мемлекеттік қолдау шаралары туралы уақытылы ақпарат алуға және бизнесті дамытуға жағдай жасайды.

Жалпы, ШОБ қаржысын жетілдіру – ел экономикасының тұрақтылығы мен дамуының маңызды факторы. Сондықтан кәсіпкерлер үшін қаржылық есептілік жүргізуді жеңілдету,